

26 қыркүйек 2022жыл

Қатысқандар:9

Меңгеруші:Оспанова А.С

Төрайымы: Оспанова А.С

Күн тәртібі:

1.Балабақшадағы іс-шаралармен таныстыру.

Ішкі еңбек тәртібі ережелерінің сақталуы.

2.Балабақшаның санитарлық –гигиеналық жай-күйі.

3. Топтардың және алаңның жөнделгендігі жөнінде есеп.

Меңгеруші: Оспанова А.С сөз алды.

Еңбек Тәртібі– қызметкер мен жұмыс берушінің арасындағы еңбек қарым-қатынастарының жүйесін құқықтық нормалар арқылы белгілеп, оның қағидаларын орындауға тараптардың өзара міндеттілігін білдіретін құқықтық категория. Еңбек тәртібі жұмыс беруші мен қызметкерлердің ішкі еңбек тәртібіне мойынсыну, оның белгілеп берген талаптарын орындау жөніндегі өзара міндеттемелерінен көрініс табады. Еңбек тәртібі сендіру және мәжбүрлеу сияқты әдістердің көмегімен қамтамасыз етіледі. Сендіру әдісін қолдану қызметкерлердің өкімшілік талаптарын, кәсіпорынның (ұйымның) ішкі еңбек тәртібі ережелерін саналы және ерікті түрде орындауға деген ішкі қажеттіліктерін тәрбиелеу мақсатында олардың санасы мен мінез-құлқына әсер етуді көздейді. Сендіру әдісін іске асырудың нысаны кетермелеу шаралары болып табылады. Мәжбүрлеу әдісі сендіру әдісі қажетті нәтижелерге қол жеткізбеген уақытта қолданылады. Ол еңбек тәртібін бұзғаны үшін қолданылатын тәртіптік жазалау шаралары болып табылады. Еңбек тәртібі туралы қысқаша түсінік осы.Ал енді ішкі еңбек тәртібімен танысамыз.

Балабақша ішінде қатты сөйлеуге әсіресе түскі уақытта,ұрысуға,темекі шегуге,арақ-шарап ішуге болмайды,-деп сөзін аяқтады.

Екінші мәселе бойынша медбике А.Б.Шынтаева сөз алды.

Біздің балабақшада 3 топ орналасқан. Әр топтың өз көмекші тәрбиешілері бар.

Топтардағы тазалық жұмыстары :

1. Ылғалды жинау.

2. Түбегейлі жинау. (генеральная уборка) болып бөлінеді.

Ылғалды жинау күнде жүргізіледі.Терезелер алды, жылыту құрылғылары, есіктер тұтқасымен, ойын бөлмесіндегі ойыншық шкафтары, тамақ үстелдері, орындықтары, едендер 2 мезгіл жуылады. Төсек кравоттары орнынан қозғалта отырып жуылады. Қабылдау бөлмесінде киім шкафтары үсті мен іші күнде сүртіледі. Асхана буфеттеріндегі шкафтар, жардағы кафельдер, унитаздар жуылады. Әжетхана тазалығы : кафельдер, унитаз, раковиналар дезинфекциялық ерітінді қоса отырып жуылады.

Ойыншықтарды тәрбиешілер бала қабылдамай тұрып және кешкісін бала тараған соң, 2 пайыздық сабынды содалы суда жуып, ағынды суда шаяды.

Түбегейлі жинау: әр айдың соңында бала жоқ уақытта тугел заттарды ортаға жиыстырып, дезинфекциялық ерітінді «ДеоХлор» ерітіндісін қоса жуылады.

Еден жуу тәртібі:

1. Таза сумен жуып алады.

2. Сабынды немесе ұнтақ пайдалана отырып жуылады.

3. Дезинфекциялық ерітінді «ДеоХлор» пайдаланады.

4. Құрғатып сүртіледі.

Топтардағы қоқыстар күнде уақытында шығарылып тұрады.

Көмекші тәрбиешілердің 3 ауысымда :

1. Ішке
2. Әжетханаға
3. Сыртқа арналған арнайы киімдері бар.

ДеоХлор ерітіндісінің дайындалуы:

1. Еден жууға 10 литр суға 1 таблетка 0,015 пайыз
2. Ылғалды жинау әр топтарда ауыстырыла отырып, 10 литр суға 1 таблетка 0,015 пайыз
3. Ыдыс аяқ жууға 15 литр суға 2 таблетка 0,03 пайыз болуы керек,-деп сөзін аяқтады.

Үшінші мәселе бойынша шару меңгерушісі Акжанов О.А сөз алды. Биыл топтарға,аулаға күрделі жөндеу жүргізілді. Сырланды, ақталды. Әуелі топтардың қабырғалары қырылып,қайта сырланды.электр жүйелері,дабыл нүктелері ,видео бақылау камералары барлығы тексеруден өткізілді. Терезелерге жаңа перделер алынды. Кілемдер химиялық тазартудан өткізілді. Ойын сөрелері,әжетхана ,асхана сөрелері және орындық парталар қайта өңделді. Ауладағы ойын алаңшалары түрлі-түсті бояулармен сырланды. Алаңшадағы кертілген бетондар қайта қалпына келтірілді,-деп сөзін аяқтады.

ШЕШІМ:

- 1.Ішкі еңбек тәртібімен қызметкерлер таныстырылып,бекітілсін.
2. Балабақшадағы санитарлы-гигиеналық шаралар қатаң сақталсын.
3. Есеп қанағаттандырылсын.

Өндірістік кеңес төрайымы:
Хатшы:



Оспанова А.С
Нұр Б.Ә

05 желтоқсан 2022жыл

Қатысқандар: 9
 Меңгеруші:Оспанова А.С
 Төрайымы:Оспанова А.С

Күн тәртібі:

1. Қызметкерлердің демалыс кестесін талқылау және бекіту.
2. Тәжірибелік сабақ. Өртті болдырмау ережелері
- 3.Жаңа жыл мерекесіне дайындық. Жаңа жылдық мерекелерді өткізу бойынша консультация.
- 4.Топтарда ас бөлмесінің тазалығы және балалардың тамақтану гигиенасы.

Бірінші мәселе бойынша меңгеруші Оспанова А.С сөз алды.

2022-2023 оқу жылына арналған қызметкерлердің демалыс кестесін құрамыз.

1	Оспанова А.С	Меңгеруші	1.06-30.06.2024ж.
2	Нұр Б.Ә	Тәрбиеші	1.06-30.06.2024ж.
3	Мырзашева А.К	Тәрбиеші	1.07-30.07.2024ж.
4	Талғат Ұ	Көмекші	1.07-30.07.2024ж.
5	Ақжанов О.А	Шаруа меңгерушісі	1.08-30.08.2024ж.

Екінші мәселе бойынша меңгеруші Оспанова А.С сөз алды.

Мүмкін болатын өртті болдырмау мақсатында: өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтау және өртке қарсы режимді сақтау; газ құралдарын, тұрмыстық химия заттарын пайдалану, тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтармен, өртке қатысты қауіпті басқа да заттармен, материалдармен және жабдықтармен жұмыс жүргізу кезінде сақтық шараларын орындау; аумақты құрғақ шөптен және жанатын қоқыстан уақтылы тазарту; өрт анықталған жағдайда ол туралы 101 телефоны бойынша өрт сөндіру күзеті бөлімшесіне хабарлау және адамдарды, мүлікті құтқару және өртті жою үшін мүмкін болатын шараларды қабылдау; ғимараттарға, құрылыстарға, тұрғын үйлерге, саяжай және басқа да құрылыстарға іргелес учаскелерде құрғақ өсімдіктерді өртеуге тыйым салынады; елді мекендер мен ұйымдардың аумақтары, ғимараттар, құрылыстар және ашық қоймалар арасындағы өртке қарсы қашықтық шегінде, сондай-ақ тұрғын үйлерге, саяжай және басқа да құрылыстарға іргелес жатқан учаскелер жанғыш қалдықтардан, қоқыстан, ыдыстан, түскен жапырақтардан, құрғақ шөптен уақытылы тазартылуы тиіс; ғимараттарға, құрылыстарға, ашық қоймаларға, сыртқы өрт сөндіру сатылары мен су көздеріне баратын жолдар, өткелдер мен кіреберістер өрт сөндіру техникасының өтуі үшін әрқашан бос болуы тиіс. тұрғын үйлердің пәтерлерінде, жатақханалардың тұрғын бөлмелерінде, тұрғын үйлердің ғимараттарында жарылыс қауіпті, жарылыс өрт қауіпті және өрт қауіпті заттар мен материалдар қолданылатын және сақталатын әртүрлі өндірістік және қоймалық үй-жайларды орналастыруға тыйым салынады; жеке тұрғын үйлерде, пәтерлерде және тұрғын бөлмелерде жанғыш газдары бар баллондарды сақтауға жол берілмейді, сондай-ақ асүйлерде, эвакуациялау жолдарында, цокольдық қабаттарда, жертөле және шатыр үй-жайларында, балкондар мен лоджияларда және үй иеліктерінің ашық аумақтарында; тұрмыстық газ аспаптарын (соның ішінде ас үй плиталарын, су жылыту қазандықтарын, газ колонкаларын) газбен жабдықтауға арналған газ баллондары (жұмыс және қосалқы), әдетте, ғимараттан тыс жапсарлас құрылыстарда (баллондардың жоғарғы бөлігін және редукторды жабатын шкафтарда немесе қаптамалардың астында) ғимараттың кіре

берісінен 5 м қашықтықта, цоколь және жертөле қабаттарында орналасуы тиіс. газ баллондарына арналған жапсарлас құрылыстар мен шкафтар құлыпқа жабылып, желдетуге арналған жалюздер болуы, сондай-ақ "От қауіпті Газ" деп жазылған ескерту болуы қажет.

Тыйым салынады: газ шығуы кезінде газ құралдарын пайдалану; ұшқын шығаратын құралдың көмегімен газ арматурасының бөлшектерін қосу; ашық жалын көздерінің көмегімен қосылыстардың герметикалығын тексеру (соның ішінде сіріңке, оттық, шам); газ толтырылған баллондарға жөндеу жүргізу. пәтерлерді, тұрғын үйлерді, саяжайларды, бау-бақша үйлерін ұзақ уақытқа жабу кезінде электр желісі тоқтан ажыратылып, газы бар баллондардың вентильдері (клапандары) тығыз жабылуы тиіс.

Қолданыстағы электр қондырғыларын пайдалану кезінде тыйым салынады: ақаулы электр құралдарын пайдалану, сондай-ақ зақымдалған немесе қорғаныштық қасиеттерін жоғалтқан оқшаулағышы бар электр сымдары мен кабельдерін пайдалану; бүлінген розеткаларды, рубильниктерді, басқа электр қондырғыларын пайдалану, қолдан жасалған электр жылыту аспаптарын қолдану;

Өрт кезіндегі тәртіп ережелері: Жану алаңы қандай жағдайда жанып жатқанын анықтаңыз. 101 қызметіне хабарлаңыз. Зардап шеккендердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын қолданыңыз. Егер сіз шығу мүмкін емес үй-жайда болсаңыз, ауа ағынымен оттың қоректенуін болдырмау үшін есіктер мен терезелерді жабыңыз. Дымқыл мата арқылы дем алыңыз. Жердің өзінде дем алуға тырысыңыз. Тыныс өлшемі болуы керек, әйтпесе сіз есіңізді жоғалту қаупі бар. Егер сізде киім жанса, онда оны сөндірудің ең жақсы жолы – жер бетінде сырғанау. Егер балаға бір нәрсе болса, онда сіз жалынды тығыз матамен үзуіңіз керек.

Балабақша топтары тәжірибелік сабақ өткізсін.

Үшінші мәселе бойынша медбике А.Б.Шынтаева сөз алды.

Мәзір жасау кезінде өңірде шығарылатын отандық өнімдер ассортименті ескеріледі. Балаларды тамақтандыру рационнда витаминді-минералдық кешенмен байытылған тамақ өнімдері көзделеді. Тамақтанудың іс жүзіндегі рационны бекітілген перспективтік ас мәзіріне сәйкес келуі тиіс. Ерекше жағдайларда осы Санитариялық қағидаларға сәйкес тамақ өнімін алмастыруға жол беріледі.

Тез бұзылатын тамақ өнімдерін сақтау температурасы төмен тоңазытқыш жабдықтарында және (немесе) тоңазытқыш камераларында және (немесе) тоңазытқыштарда жүзеге асырылады. Температураны бақылау үшін термометрлер орнатылады. Сынап термометрлерін пайдалануға жол берілмейді.

Күн сайын тамақтанатын балалардың саны, жасына байланысты раммен дайын тағам порциясының массасы, сондай-ақ әрбір тағам бойынша өнімдер шығысы ("брутто" салмағында) көрсетіле отырып әрбір тамақтануға тағамдар тізбесі көрсетілетін тарату-ас мәзірі парағы жасалады және ілінеді.

Ас мәзірінде бірдей тағамдарды немесе аспаздық өнімдерді бір күнде немесе келесі 2 – 3 күнде қайталауға жол берілмейді.

Күн сайын тамақтану рационна ет, сүт, сары май және өсімдік майы, қара бидай және (немесе) бидай наны, көкөністер және қант қосылады. Балық, жұмыртқа, ірімшік, сүзбе, құстың еті күнтізбелік жеті күнде бір рет қосылады.

Таңғы ас ыстық тағамнан (бірінші немесе екінші) және ыстық сусыннан, жұмыртқа, сары май немесе ірімшік қосылған бутербродтан тұрады. Екінші таңғы асқа шырындар, жемістер көзделеді.

Түскі ас салат, бірінші, екінші (негізгі ыстық тағам еттен, балық немесе құстан) және үшінші (компот, шай, шырындар және кисель) тағамнан тұрады. Пісірілген және жас көкөністерден күрделі емес салаттар дайындалады.

Бесін асқа ас мәзіріне кремсіз тоқаш немесе кондитерлік бұйымдармен бірге сусынды (сүт, қышқыл сүт өнімдері, шырын, кисель және басқалары) қосады.

Кешкі ас көкөніс (сүзбе) тағамынан немесе ботқадан; негізгі екінші тағамнан (ет, балық немесе құс), сусыннан (шай, шырын, компот және кисель) тұрады. Екінші кешкі ас ретінде қосымша жемістерді немесе қышқыл сүт өнімдерін және кремсіз тоқаш немесе кондитерлік бұйымдарды қосады.

Тамактандыру арасындағы интервал 3,5 – 4 сағаттан аспауы тиіс. Ас бөлмелері әр ас ішкеннен кейін жуылып, желдетіледі. Аптасына бір рет ыдыстар залаласыздандырылады. Балалар ас ішуге келерде қолын жуып, ас ішерде асықпай үшуді ескерту керек.

IIIIM:

1. Қызметкерлердің демалыс кестесі түзіліп, бекітілді.
2. Өрт болдырмау шаралары және өрт болғанда не істеу керектігі жөнінде тәжірибе сабақ өткізілсін.
3. Балабақша ішінде өрт болдырмау шаралары жүргізілсін.
4. Балабақшада ас бөлмелері талапқа сай болсын. Ас мәзірі жыл мезгіліне орай өзгертілсін.

Өндірістік кеңес төрайымы:
Хатшы:



Оспанова А.С
Нур Б.Ә

01 сәуір 2023 жыл

Қатысқандар: 9

Меңгеруші: Оспанова А.С

Төрайымы: Оспанова А.С

Күн тәртібі:

1. Балабақша қызметкерлерінің ішкі еңбек тәртібі мен қауіпсіздік ережелерінің орындалуы жайлы есебі.
2. Жазғы кезеңде санэпидемия режимін сақтау.
3. Жазғы демалыс кезеңіне көгалдандыру, абаттандыру жұмыстарын ұйымдастыру жоспарын жасап бекіту

Бірінші мәселе бойынша тәрбиеші Нұр Б.Ә сөз алды.

Шымкент қаласы білім басқармасына қарасты «Мамина» шағын орталығында 54 бала тәрбиеленуде. Бөбекжай бақшада 13 қызметкер жұмыс жасайды. Күн тәртібі бойынша балалардың болуы 10,5 сағат, 07:30-18:00. Бес күн жұмыс аптасы.

Балалабақшаның жарғысына және ішкі тәртібінің ережесіне, лауазымдық нұсқаулықта көрсетілген міндеттерді қатаң түрде орындалуда.

Еңбек тәртібін сақтау-жұмысқа уақытында келіп, белгіленген жұмыс ұзақтығын сақтап, әкімшіліктің бұйрықтарына бағынып жүрміз. Төтенше жағдай қауіпсіздігіне аса назар аударып, санитарлық талаптарды сақтаудамыз, - деп сөзін аяқтады.

Екінші мәселе бойынша тәрбиеші Мырзашева А.К сөз алды.

Баланың денсаулыққа және бақытты өмір сүруге деген құқығын іске асырудың бірден бір жолы, жаз кезеңінде мектеп жасына дейінгі баланы тәрбиелеу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру болып табылады. Жазғы уақыттағы балалармен жұмысты сауықтыру деп айтады. Осы арқылы оның мақсаты мен бағыты айқындалады. Денсаулықты нығайтуға қолайлы жазғы күндерді дер кезінде пайдалану және әрбір баланың денсаулығын түзеуге және шынықтыруға ұмтылу маңызды. Балабақшаның жаз кезіндегі жұмысының негізгі мақсаты сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыруға арнаған неғұрлым тиімді жағдайлар жасау және балалардың танымдық қызығушылығын дамыту болып табылады. Жазғы кезеңде балалардың денсаулығын сауықтыру бойынша міндеттер: Мектеп жасына дейінгі балаларды тиімді сауықтыруды ұйымдастыруға арналған жағдайлар жасау. Балалардың мәдени-гигиеналық машықтарын бекітуге және жетілдіруге, еңбекке тәрбиелеуге арналған жағдайларды қамтамасыз ету. Балаларға экологиялық тәрбие беруді, жануарлар мен өсімдіктерге деген қызығушылығын белсендіру. Табиғатты қадағалау барысында экологиялық ой-өрісін қалыптастыру. Тәрбиеленушілердің таза ауада оңтайлы түрде болуын, олардың қозғалу белсенділігін қамтамасыз ету. Салауатты өмір салты – қызметтің кез келген саласында, үйде, демалысты белсенді болудың негізі. Денсаулықпен ерте жастан айналысқан маңызды. Мектеп жасына дейінгі балалардың жаздың күні таза ауада болуы бала ағзасын нығайтады және шынықтырады, олардың жан-жақты дамуы мен эмоциялық көңіл күйіне оң әсерін тигізеді. Мектепке дейін білім беру жөніндегі әдіскер педагогтарға көмек ретінде қажетті анықтамалық әдебиетті: бос уақытты өткізу жөніндегі, жазғы халық мейрамдарының күнтізбесін, сондай-ақ өткен жылдардағы балалармен жазғы жұмыс тәжірибесінің материалдарын: қысқаша сипаттамасымен бірге қозғалғыш, спорттық, қимыл қозғалыс ойындарын, құрылыстық-конструкциялық және дидактикалық ойындар картотекасын; тәжірибелік кеңестер мен әдістемелік ұсынымдарды таңдап бере алады. Осылармен қатар, педагогтар толыққанды тәрбие жұмысына арналған қажетті

Жазғы кезеңде балалармен жүргізілетін іс-шаралар түрлері Таза ауадағы сауықтыру жаттығулары: жаттығу; жүгіру; спорт ойындары; Эмоциялық күйзелісті азайтуға арналған ойындар: логоойындар; саусақтық және артикуляциялық ойындар; логоырғақ; ырғақ сезінуді дамытуға арналған ойындар. Салауатты өмір салты туралы әңгімелер: «Кір қолдар аурулары»; «Егер сау болам десек, шынық!»; «Дені саудың – жаны сау»; «Жемістер мен көкөністердің пайдасы туралы». Ағзаны шынықтыру. Мәдени-гигиеналық дағдыларды тәрбиелеу. Балалармен жұмыс істеуді дұрыс жоспарлаудың маңызы бар. Балалардың дене және психикалық дамуының қажетті деңгейін қамтамасыз етуге дұрыс жоспарланған ойын-сауық, танымдық және сауықтыру сипатындағы іс-шаралар жүйесі көмектеседі. Жазғы сауықтыру кезеңі тек белсенді тәрбие және білім беру жұмысына ғана емес, сонымен қатар тәрбиеші мен балалар, тәрбиеші мен ата-аналар арасындағы психологиялық кедергілерді жеңуге ықпал етеді.

көтермелердің, жаяу жолдардың, жүргіншілер жолының, кіреберістері мен жолдарының төсемдерін қалыпты жағдайда ұстауға.

аулаішілік аумақтарды құрылыс материалдарымен үйіп тастауға жол бермеуге;
өзінің балансындағы (шаруашылық жүргізуші немесе жедел басқару) инженерлік
желілерді қалыпты жағдайда ұстауға, құдықтарды уақытында қарап, тазартуға;

шағын сәулет нысандарын, спорттың, ойын, балалар мен шаруашылық алаңшаларының жабдықтарын, қоршаулар мен қашаларын қалыпты жағдайда ұстауға, олардың сыртқы түрінің ұқыптылығын сақтауға.т.б деп сөзін аяқтады.

Тәрбиеші Мырзашева А.К есебі қанағаттанарлық деп танылсын.

Жазғы сауықтыру жақсы, сапалы ұйымдастырылсын. Балабақша аумағы абаттандырылсын.

Өндірістік кеңес төрайымы:
Хатшы:



Оспанова А.С
Оспанова А.С

БЕКІТЕМІН:
«Мамина» мектепке
дейінгі тәрбие мен білім беру
орталығының меңгерушісі:
Оспанова А.С.



***«Мамина» мектепке дейінгі тәрбие мен
білім беру орталығының
2022-2023 оқу жылына арналған
Өндірістік кеңес хаттамалары.***